

Құрметті білім беру саласының қызметкерлері!

Кәсіби мерекелер күнтізбесінде Ұстаздар күнінің орны ерекше, өйткені барлық басқа мамандар ұстаздан бастау алады. Дәстүрлі түрде аталып өтілетін бұл мейрам – халқымыздың сіздерге деген ерекше ілтипатының, шексіз құрметінің белгісі.

Қаламыздың бала бақшаларында, мектептерінде, колледждерде және жоғары оқу орнында аса зор ақыл-ой әлеуеті шоғырланған десек, артық айтқандық болмас.

Еліміздің Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктеріне ұстаздар қауымының қосқан үлесі орасан зор. Елбасымыз атап көрсеткендей, әлем кеңістігінде биікке көтерілуге тек білімді, сауатты ұлт қана қол жеткізе алады. Осы орайда ұстаздарға үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктелуде.

Сіздер жаңаша өмірге аяқ басқан мемлекетіміздің ертеңін ойлайтын отансүйгіш, білімді азаматтарды даярлап, халықтың алғысына, құрметіне бөленудесіздер.

Артына өшпестей мұра қалдырған қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің ізбасарлары ретінде егеменді еліміздің тірегі болар өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы сіздердің еңбектеріңіз ұшан-теңіз.



С.Б.ҚУАНЫШБАЕВ, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, г.ғ.д.

Қадірменді ұстаздар!

Кәсіби мерекелеріңізбен баршаңызды шын жүректен құттықтай отырып, сіздерге шығармашылық табыс, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілеймін!

Жүректеріңізден мейірімділік, жүздеріңізден шаттық кетпесін ардақты мереке иелері!

